

"Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. "Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 143 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20547 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2024 жылғы " 22" қаңтардағы
№ 26 бұйрығымен
бекітілген

"Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1-тарау. Қолданылу аясы

1. Осы "Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі – техникалық регламент) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Техникалық реттеу туралы заң) 8-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және минералды, органикалық-минералды, органикалық тыңайтқыштарға және топырақ жақсартушы заттарға (бұдан әрі – тыңайтқыштар), сондай-ақ олардың өмірлік циклі процестеріне қолданылады.

2. Техникалық регламент қолданылатын тыңайтқыштардың тізбесі және Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жіктеуіш бойынша олардың кодтары осы техникалық регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

3. Тыңайтқыштарға байланысты тәуекелдер мынадай қауіпті факторлармен шартталады:

минералды тыңайтқыштар үшін:

- 1) жанғыштығы;
- 2) тотықтырғыштық әсері;
- 3) коррозиялық әсері;
- 4) уыттылығы;
- 5) көзді зақымдауы;
- 6) теріні жеуі;
- 7) көз бен теріні тітіркендіруі;

8) қоршаған сулы орта үшін қауіптілігі;

9) қоршаған ауа ортасы және топырақ үшін қауіптілігі;

10) радиоактивті сәуле шығаруы (фосфорлы тыңайтқыштар және топырақ жақсартушы заттар үшін);

органикалық және органикалық-минералды тыңайтқыштар үшін:

1) бактериологиялық;

2) паразитологиялық;

3) энтомологиялық.

2-тарау. Терминдер мен айқындамалар

4. Осы техникалық регламентте тиісті айқындамаларымен бірге мынадай терминдер пайдаланылады:

1) азотты тыңайтқыш – құрамында өсімдіктерге сіңетін нысандағы азоты бар тыңайтқыш;

2) дайындаушы – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, өз атынан өнім өндіруді немесе өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

3) дайындаушы уәкілеттік берген тұлға – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, дайындаушымен, оның ішінде шетелдік дайындаушымен жасалған шарт негізінде Қазақстан Республикасының аумағында өнімнің сәйкестігін бағалау және оны айналысқа шығару кезінде осы дайындаушының атынан әрекеттерді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

4) импорттаушы – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, шетелдік дайындаушымен (сатушымен) партиямен шығарылатын өнімді беруге сыртқы сауда шартын (келісімшартын) жасасқан және осы өнімді Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа шығаруды және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

5) қауіптілік белгісі – азаматтарды тікелей немесе ықтимал қауіп жөнінде ескеруге, белгілі бір іс-қимылдарға тыйым салуға, кеңес беруге немесе рұқсат беруге арналған қарама-қарсы түстерді, графикалық символдарды және түсіндірме жазбаларды пайдалану арқылы белгілі бір геометриялық пішіндегі түстік-графикалық бейне;

6) қауіптіліктің қысқаша сипаттамасы – тыңайтқыштардың қауіптілік санаты мен аталған қауіптілік дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін стандартты фразалар жиынтығы;

7) қорда – өсімдіктен немесе жануардан алынатын органикалық қалдықтардың ыдырауы нәтижесінде алынған органикалық тыңайтқыш;

8) қоректік элемент – өсімдіктің өсуі және дамуы үшін қажетті тыңайтқыштың элементі;

9) минералды тыңайтқыш – минералдық нысандағы қоректік элементтерден тұратын өндірістік негіздегі немесе қазып алынатын тыңайтқыш;

10) органикалық-минералды тыңайтқыш – бірыңғай технологиялық процесте немесе механикалық араластыру жолымен алынған органикалық және минералды тыңайтқыштардың қоспасы;

11) органикалық тыңайтқыш – құрамында өсімдіктерден немесе жануарлардан алынатын органикалық заттар бар тыңайтқыш;

12) сигналды сөз – тыңайтқыштардың қауіптілік дәрежесіне назар аударту үшін пайдаланылатын сөз;

13) топырақ жақсартушы зат – топырақтың физикалық, химиялық қасиеттерін және (немесе) биологиялық белсенділігін жақсарту үшін топыраққа енгізілетін, органикалық және (немесе) органикалық емес негіздегі материал;

14) төселетін көң – төсемдік және азықтық қалдықтары бар көң;

15) тыңайтқыш – өсімдіктердің қоректенуіне және топырақтың құнарлылығын арттыруға арналған зат;

16) фосфорлы тыңайтқыш – құрамында өсімдіктерге сіңетін нысандағы фосфоры бар тыңайтқыш;

17) химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты (бұдан әрі – қауіпсіздік паспорты) – химиялық өнімнің сипаттамалары және онымен жұмыс істеудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы мәліметтер қамтылған құжат.

3-тарау. Тыңайтқыштарды сәйкестендіру

5. Тыңайтқыштарды сәйкестендіру кезінде мынадай әдістер қолданылады:

- 1) құжаттамалық;
- 2) шолып қарау;
- 3) сынау.

6. Сәйкестендіру кезінде:

- 1) қауіпсіздік паспорты;
- 2) жеткізу шарттары мен келісімшарттары;
- 3) тыңайтқыштардың таңбасында келтірілген ақпарат пайдаланылады.

7. Тыңайтқыштарды сәйкестендіру мынадай белгілер, параметрлер және талаптар бойынша жүзеге асырылады:

сынамаларды мыналар бойынша іріктеу кезінде:

- 1) таңбалау мен буып-түюдің осы техникалық регламентке сәйкестігі бойынша. Бұл ретте, қауіпсіздік паспортындағы ақпарат орамдағы ақпаратпен салыстырылады;
- 2) өнім атауының мәлімденген өнімге сәйкестігі бойынша;
- 3) партия көлемі бойынша;

сынақ жүргізу кезінде таңбада және қауіпсіздік паспортында келтірілген ақпараттың дұрыстығы:

1) сыртқы түрі (агрегаттық жай-күйі, конфигурациясы, түсі және суда ерігіштігі) бойынша;

2) қоректік элементтер мен заттардың массалық үлесі, органикалық заттың массалық үлесі (органикалық-минералды тыңайтқыштар үшін) бойынша тексеріледі.

4-тарау. Тыңайтқыштарды Қазақстан Республикасының нарығына айналысқа жіберу шарттары

8. Тыңайтқыштар осы техникалық регламентке сәйкес келген кезде Қазақстан Республикасының нарығына айналысқа жіберіледі.

9. Тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) Қазақстан Республикасының нарығына айналысқа жіберу алдында дайындаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, импорттаушы оларға қауіпсіздік паспортын қоса береді.

5-тарау. Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

10. Тыңайтқыштардың қауіпсіздігі дайындаушының, дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның, импорттаушының осы техникалық регламенттің талаптарын сақтауымен, оның ішінде қауіпсіздік паспортында тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) уыттылығы мен қауіптілік сыныбы туралы ақпаратты міндетті түрде көрсете отырып қамтамасыз етіледі.

11. Биуреттің (карбамид үшін) массалық үлесі 1,4 пайыздан (бұдан әрі – %) аспайды

12. Фосфорлы тыңайтқыштар мен топырақ жақсартушы заттар үшін табиғи радионуклидтердің үлестік белсенділігі килограммына 1000 беккерельден аспауы тиіс (1,0кБк/кг).

13. Органикалық және органикалық-минералды тыңайтқыштардың биологиялық қауіпсіздігі:

1) патогенді бактериялардың;

2) гельминттердің тіршілік етуге қабілетті жұмыртқаларының;

3) ішектік патогенді қарапайымдылар цисталарының;

4) синантропты шыбындардың дернәсілдері мен құрттарының;

5) энтерококктардың жоқтығымен қамтамасыз етіледі.

14. Тыңайтқыштар үшін кепілді сақтау мерзімі және (немесе) жарамдылық мерзімі белгіленеді.

6-тарау. Тыңайтқыштарды әзірлеу кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

15. Пайдалану кезінде мынадай жағдайларда тыңайтқыш өндіруге жол берілмейді:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ-32 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22595 болып тіркелген) бекітілген Қоршаған ортаның қауіпсіздігіне (топыраққа) қойылатын гигиеналық нормативтерден (бұдан әрі – гигиеналық нормативтер), топырақтағы, ауадағы, су объектілеріндегі және ауыл шаруашылығы өнімдеріндегі қауіпті және улы заттар: радионуклидтер, ауыр металдар тұздары мен күшәла, полициклды ароматты көмірсутегі және төзімді органикалық ластағыштар жоғары болғанда;

2) топырақтың табиғи микробиоценозы бұзылғанда;

3) қоршаған орта объектілерінде патогенді бактериялар, гельминттердің тіршілік етуге қабілетті жұмыртқалары, ішектік патогенді қарапайымдылардың цисталары, синантропты шыбындардың дернәсілдері мен құрттары, энтерококтар пайда болғанда.

16. Өндіріс қалдықтары негізіндегі тыңайтқыштар үшін тыңайтқыштарды қолдану жөніндегі ұсынымдар әзірленеді.

Бұл ретте:

1) тыңайтқыштың сапалық және сандық құрамы және оның құрамындағы барлық компоненттердің қауіптілік сыныбы (уытты элементтердің жалпы құрамынан басқа, олардың суда ерігіштік және жылжымалы нысандарының массалық үлесі ескеріледі);

2) радиоактивтілігі, оның ішінде техногенді негіздегі радионуклидтердің (тиімді үлестік белсенділігі) бар-жоғы;

3) тыңайтқыштың қауіптілік сыныбы;

4) тыңайтқыштың микробиологиялық және паразитологиялық сипаттамалары ескеріледі.

17. Азотты тыңайтқыштарды қолдану жөніндегі ұсынымдарда өсімдік шаруашылығы өнімдерінде гигиеналық нормативтерде белгіленгеннен көп нитраттардың жиналуына жол берілмейді. Бұл ретте, азотты тыңайтқыштардың қауіпсіздік паспортында жалпы азот құрамын көрсете отырып, оның нитратты нысанының құрамы да көрсетіледі.

7-тарау. Тыңайтқыштарды өндіру процесінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

18. Тыңайтқыш өндіру жөніндегі кәсіпорындарда апаттық жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық шаралар көзделеді.

19. Кәсіпорындардың технологиялық жабдықтары:

1) жұмыс сұйықтықтарының ағып кетуі мен шашырау мүмкіндігін, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналдың олармен тікелей жанасуын болдырмайды;

2) барлық қауіпті заттардың қоршаған ортадан барынша оқшаулануын қамтамасыз етеді;

3) тазалау мен техникалық қызмет көрсету процестерінің қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз етеді.

20. Тыңайтқыш өндіру жөніндегі кәсіпорындар атмосфераға шығарылатын шығарындыларды тазарту, ағынды суларды жинау және тазарту (зарарсыздандыру) жөніндегі құрылысжайлармен (қондырғылармен) жарақтандырылады.

21. Тыңайтқыш өндіретін әрбір кәсіпорында:

1) процестің негізгі сатылары бойынша технологиялық режимдерді және сындарлы параметрлерді, бастапқы шикізат пен түпкілікті өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін;

2) қоршаған ортаға зиянды шығарындылардың сипаттамасын;

3) санитариялық-эпидемиологиялық, гигиеналық талаптардың, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың орындалуын өндірістік бақылау жүйесі енгізіледі.

22. Өндірістік бақылау жүйесі мыналарды қамтиды:

1) өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 62 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32276 болып тіркелген) бекітілген "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес зертханалық зерттеулер мен өлшемдерді жүзеге асыру (ұйымдастыру);

3) "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген), "Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-195/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21654 болып тіркелген) , "Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-196/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21652 болып тіркелген) сәйкес медициналық қарап-тексерулердің уақтылы және толық өтуін бақылау;

4) өнімнің (оның ішінде келіп түсетін шикізаттың, қаптамалау материалдарының) қауіпсіздігі мен сәйкестігін растайтын құжаттардың бар болуын, құжаттардың (тіркеу туралы куәліктің, сәйкестік сертификатының немесе декларацияның), сондай-ақ рұқсат

беру құжаттарының (санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды немесе қызметтің басталуы туралы жіберген хабарламалары туралы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді) қолданылу мерзімдерін бақылау;

5) тәуекел факторларын бағалау, анықталған қауіп-қатерді, өндірістік және қоршаған орта факторларының қауіпсіздігі және (немесе) зиянсыздығы өлшемшарттарын талдау және қауіп-қатерді басқаруды қамтамасыз ету үшін бақылаудың сыни нүктелерін айқындай отырып, процестердің (пайдалану, жинау, тасымалдау, сақтау, залалсыздандыру, кәдеге жарату, қайта өңдеу, көму), жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін бақылау әдістерін айқындау;

6) өндірістік бақылауды жүзеге асыруға байланысты құжаттаманы есепке алу және есептілігін жүргізу. Құжаттарды сақтау мерзімдері - кемінде үш жыл;

7) халықты, жергілікті атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарын авариялық жағдайлар, өндірістің тоқтауы, технологиялық процестердің бұзылулары, объектінің қызметіне байланысты, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қатер төндіретін жаппай (3 және одан көп жағдайлар) инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулардың пайда болу жағдайлары туралы хабардар ету схемасын әзірлеу;

8) технологиялық процестер барысында гигиеналық талаптардың сақтай отырып, өндірістік бақылау бағдарламасында көзделген іс-шаралардың орындалуын, микробиологиялық, химиялық, токсикологиялық, вирусологиялық, радиологиялық, биологиялық қауіп-қатерлер мен бөтен қосылыстарды дер кезінде жоюды және азайтуды бақылау. Бақылау барысында іс-шараларды түзету және анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған шараларды іске асыру жүргізіледі.

23. Тыңайтқыштар өндіру кезіндегі жұмыстар жеке қорғаныш құралын қолдану арқылы жүргізіледі.

8-тарау. Тыңайтқыштарды сақтаудың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

24. Тыңайтқыштарды сақтау арнайы жабық үй-жайларда (қоймаларда), сыйымдылықтарда (сүрлемдерде, сақтау орындарында) жүзеге асырылады. Жұмсак контейнерлерге буып-түйілген тыңайтқыштарды қатты жабыны бар ашық алаңдарда және қалқа астында сақтауға жол беріледі. Сақтау кезінде тыңайтқыштардың бұзылмауы (олардың саны және сапасы) қамтамасыз етіледі және қоршаған ортаға зиян келтіру қатері болмайды.

Тыңайтқыштың нақты түріне арналған қауіпсіздік паспортында көрсетілген сақтау шарттарына қойылатын ерекше талаптар сақталады.

25. Тыңайтқыштарды сақтау кезінде олардың физикалық-химиялық қасиеттері және оларды күшті тотықтырғыштардан, өрт қаупі бар және жарылыс қаупі бар заттардан бөлек сақтау қажеттілігі ескеріледі.

26. Өрт-жарылыс қаупі бар тыңайтқыштарды (селитралар және олардың негізінде жасалған тыңайтқыштарды) жеке тұрған қоймаларда немесе қойманың бүйір бөлігінде орналасқан және қойманың қалған бөлігінен өртке қарсы тосқауылдармен бөлінген, минералды тыңайтқыштарға арналған қоймалардың секцияларында сақтайды.

27. Тыңайтқыштарды сақтау орындарында көрінетін жерлерге көрсетілген заттарды сақтаудың ерекшеліктері, гигиена қағидалары, қауіпсіздік шаралары, оның ішінде, сол немесе өзге авариялық жағдайларды жою кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат орналастырылады.

28. Сақтау кезінде тыңайтқыштардың мөлшерін қойманың жобасында көзделген қойма сыйымдылығынан асыруға жол берілмейді.

29. Тыңайтқыштар қоймаларын тамақ өнімдерін, мал азығын, шаруашылық және тұрмыстық мақсаттағы әр түрлі заттарды, техникаларды бірге сақтау үшін пайдалануға жол берілмейді.

30. Тыңайтқыштармен байланысты қойма жұмыстары жеке қорғаныш құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

31. Сұйық тыңайтқыштары бар бөшкелер, бидондар қоймада құю тесіктерін жоғары қаратып сақталады.

32. Тыңайтқыштар қойылған жерлерге авариялық жағдайларда персоналдың еркін қол жеткізілуі қамтамасыз етіледі.

33. Сұйық тыңайтқыштары бар сыйымдылықтарды сақтау кезінде сыйымдылық (ылғал өткізбейтін үй-жайлар, су өткізбейтін тұғырықтар) авариялық бүлінген жағдайда, төгілген өнімнің бүкіл көлемін оқшаулауға бағытталған техникалық шаралар мен құралдар көзделеді.

34. Буып-түйілмеген әртүрлі минералды тыңайтқыштар қойманың жекелеген бөліктерінде немесе бөлек қоймаларда сақталады.

Егер минералды тыңайтқыштардың қасиеттері бірге сақтауға кедергі келтірмейтін болса және әр түрлі тыңайтқыштар арасындағы ені 1 метрден кем емес бөлу аймағы сақталған және қоймаға қойылатын өнімнің түрі көрсетілген тақтайша орнатылған жағдайда, бір қоймада бірнеше түрлі минералды тыңайтқыштарды сақтауға жол беріледі.

Әр түрлі тыңайтқыштарды араластыруға және олардың бөтен қоспалармен және заттармен ластануына жол берілмейді.

35. Тыңайтқыштары бар орамаларды стеллаждарға немесе тұғырықтарға орналастырады. Тұғырықтарда буып-түйілген түрде сақталатын тыңайтқыштар қатарының биіктігі 2 метрден аспайды. Жұмсақ контейнерлердегі тыңайтқыштарды 2 қатарда сақтайды.

Буып-түйілген тыңайтқыштар түрлері бойынша жеке-жеке сақталады. Буып-түйілген тыңайтқыштарды тұғырықтар мен стеллаждарды пайдаланбай қойма еденіне үйіп сақтауға жол берілмейді.

Стеллаждардың және қоймада сақталатын буып-түйілген тыңайтқыштардың қойма ішіндегі тұғырықтарға орналасуы үй-жайды жинау, жүк тиегіштің қозғалу мүмкіндігін, персоналдың еркін қол жеткізуін, сондай-ақ, қойма ішіндегі ауа айналысын қамтамасыз етеді.

36. Төселетін көң, қорда, сұйық көңнің қатты фракциялары тыңайтқыштың топыраққа және жерасты суларына инфильтрациялануына тосқауыл болатын қатты жабыны бар алаңқайлардағы үйінділерде сақталады. Сақтау алаңқайлары сұйық көң жинағыштармен қамтамасыз етіледі және жауын мен қар суларынан қорғалады.

Сақтау кезінде қоректік элементтердің жоғалуын, ауаның улы газдармен ластану деңгейін төмендету үшін қатты органикалық тыңайтқыштардың үйінділері сіңіргіш материалдар - шымтезек, ағаш жоңқалары, сабан қабатымен жабылады.

37. Жартылай сұйық, сұйық көң, тезек, ағындар секциялық типтегі арнайы жинағыштарда сақталады.

38. Сұйық көңді өңдеу жөніндегі ғимараттар орналасқан аумақта алты тәулік сақтауға арналған карантиндік сыйымдылықтар орнатылады.

9-тарау. Тыңайтқыштарды буып-түюге және таңбалауға қойылатын талаптар

39. Тыңайтқыштарға арналған орау материалдары олардың сақталуын қамтамасыз ететін және оларды сақтау, тасымалдау және пайдалану кезінде олармен қоршаған ортаның ластану мүмкіндігін болдырмайтын материалдардан жасалады.

Буып-түю және ыдыс үшін тыңайтқыштардың бүлдіргіштік және өзге де зиянды әсерлеріне төзімді және:

- 1) жануды және (немесе) айтарлықтай жылу мөлшерінің бөлінуін;
- 2) тез тұтанатын, улы немесе тұншықтырғыш газдардың бөлінуін;
- 3) химиялық белсенді және қауіпті заттардың пайда болуын туғызатын реакцияға түсе отырып, олармен өзара әрекеттеспейтін материалдар пайдаланылады.

40. Тыңайтқышта мынадай ақпаратты қамтитын таңбалар болады:

- 1) тыңайтқыштың атауы мен қолданылуы;
- 2) сол бойынша тыңайтқыш өндірілетін нормативтік құжаттың белгілері;
- 3) пайызбен көрсетілетін негізгі қоректік элементтердің, макроэлементтердің, микроэлементтердің массалық үлесі;
- 4) қауіптілікті сипаттау элементтері ("Химиялық өнімді алдын ала таңбалау. Жалпа талаптар" ГОСТ 31340-2013 сәйкес қауіптілік белгісі, сигналды сөз және қауіптіліктің қысқаша сипаттамасы);
- 5) таза массасы (қатты тыңайтқыштар үшін), ыдыстағы нақты көлемі (сұйық тыңайтқыштар үшін);
- 6) дайындаушының, импорттаушының атауы және тұрғылықты жері (елді қоса алғанда, заңды мекенжайы);
- 7) өндірілген күні және партия нөмірі;

8) сақтаудың кепілді мерзімі немесе жарамдылық мерзімі;

9) сақтау шарттары;

10) қолдану жөніндегі ұсынымдар, сондай-ақ, қауіпсіз қолдану, сақтау және алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі шаралар (бөлшек саудаға арналған тыңайтқыштар үшін);

11) сұйық тыңайтқыштармен қауіпсіз жұмыс істеу жөніндегі қосымша нұсқаулықтар.

41. Таңба берік материалдан жасалады және қоршаған орта факторлары әсерінің нәтижесінде өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтуына жол берілмейді.

42. Бос күйінде жеткізілетін тыңайтқыштар үшін таңба ілеспе құжаттарда көрсетіледі.

43. Таңбалау мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалады.

10-тарау. Тыңайтқыштарды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

44. Қауіпті жүктер (селитралар және олардың негізіндегі тыңайтқыштар, сусыз аммиак, аммиакты су) санатына жататын тыңайтқыштарды тасымалдау Қазақстан Республикасының темір жол көлігі және автомобиль көлігі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Буып-түйілмеген тыңайтқыштар бос күйінде жабық темір жол вагондарымен, минерал тасығыштармен, жабық кемелермен және шанағы міндетті түрде жабылған автокөлікпен тасымалданады.

46. Сұйық минералды тыңайтқыштарды (сусыз аммиакты, аммиакты суды, көмір аммиакатын, сұйық кешенді тыңайтқыштарды) тасымалдау арнайы темір жол және автомобиль көлігімен жүргізіледі. Аммиакпен жанасатын сорғылар, штуцерлер, шүмектер мен бөлшектер аммиактың агрессивті әсеріне төзімді материалдан жасалады. Қола немесе мыстан жасалған бөлшектерді қолдануға жол берілмейді.

47. Сыйымдылықтарды (цистерналарды, резервуарларды) сұйық минералды тыңайтқыштармен толтыру жол бойы мүмкін болатын температураның өзгеруі кезінде өнім көлемінің ұлғаюын есепке ала отырып жүргізіледі. Сулы аммиакты тасымалдауға арналған сыйымдылықтар олардың толық сыйымдылығының 93 %-нан аспайтындай етіп, сусыз аммиакты тасымалдауға арналған сыйымдылықтар 85 %-нан аспайтындай етіп толтырылады.

48. Буып-түйілген минералды тыңайтқыштарды тасымалдау кезінде ыдыстардың жарылуына, жүктің төгілуіне және шашылуына жол берілмейді. Ыдыс бүлінген жағдайда, жүк қалдықтарын жинап алу жөніндегі шаралар қабылданады.

11-тарау. Тыңайтқыштарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары

49. Тыңайтқыштарды өткізу мамандандырылған өткізу орындарында жүзеге асырылады.

Тыңайтқыштарды тамақ өнімдерімен, дәрілік препараттармен және балаларға арналған тауарлармен бірге бір сауда бөлімінде сатуға рұқсат етілмейді.

50. Тыңайтқыштарды бөлшек саудада тек буып-түйілген күйде өткізуге жол беріледі.

Орамы бүлінген және осы техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтіндей етіп таңбаланған тыңайтқыштарды бөлшек саудада өткізуге рұқсат етілмейді.

12-тарау. Тыңайтқыштарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

51. Тыңайтқыштарды пайдалану жеке қорғанын құралын қолдана отырып және қауіпсіздік паспортында көрсетілген сақтық шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

52. Әуеден шашуды елді мекендерден 1000 метрден және ашық су көздерінен 200 метрден кем емес қашықтықта желдің жылдамдығы секундына 4 метрден көп болмаған кезде орындаған жөн.

53. Ағынды су тұнбаларын тыңайтқыштар ретінде қолдану кезінде топырақта ауыр металдар (қорғасын, кадмий, никель, хром, мырыш, мыс, сынап) тұздары және күшәла құрамының гигиеналық нормативтерден асуына және онда патогенді бактериялардың, гельминттер жұмыртқаларының, ішектік патогенді қарапайымдылар цисталарының және энтерококтардың пайда болуына жол берілмейді.

54. Ағынды су тұнбалары негізіндегі тыңайтқыштарды рН 5,5-тен төмен топырақта әктеуден кейін қолданады.

55. Топырақты азотпен және өсімдіктердің қоректік элементтерімен байыту үшін пайдаланылатын көң және тауық саңғырығы алдын ала зарарсыздандырылады (термиялық кептіріледі, компосталады).

Пайдалануға тек қана жануарлар (құстар) және адамдар үшін ортақ зооантропоздық аурулар бойынша саламатты мал шаруашылығы қожалықтарынан келіп түскен көң және тезек жіберіледі.

56. Тыңайтқыштарды енгізуді жоспар бойынша жүргізген жөн, олардың нақты қолданылуы нақты енгізілген тыңайтқыштардың мөлшері, өңделген аумақтың өлшемі, енгізу тәсілдері мен күні көрсетіле отырып, журналда тіркеледі.

57. Қатып қалған немесе қар басып қалған топыраққа тыңайтқыш (органикалықты қоспағанда) енгізуге жол берілмейді.

13-тарау. Тыңайтқыштарды кәдеге жаратуға қойылатын қауіпсіздік талаптары

58. Тыңайтқыштар технологиялық өңдеу жолымен кәдеге жаратылады.

59. Тыңайтқыштарды технологиялық өңдеу жолымен кәдеге жарату мүмкін болмағанда, олар қауіпсіздік паспорттарына сәйкес кәдеге жаратылуы немесе

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-бөліміне сәйкес зарарсыздандырылуы және қауіпсіз жойылуы тиіс.

14-тарау. Сәйкестікті растау

60. Техникалық реттеу туралы Заңның 26-бабына сәйкес тыңайтқыштардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау міндетті сертификаттау жүргізу нысанында жүзеге асырылады. Осы техникалық регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген тыңайтқыштармен бірыңғай химиялық формуласы бар, бірақ ауыл шаруашылығында пайдалануға арналмаған химиялық өнім міндетті сертификаттауға жатпайды.

61. Тыңайтқыштарды сертификаттауды Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) бекітілген Сәйкестікті бағалау қағидаларына сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдар жүргізеді.

62. Тыңайтқышты міндетті сертификаттау кезінде дайындаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, импорттаушы өтінім беруші болады.

63. Осы техникалық регламент күшіне енген күнге дейін берілген немесе қабылданған тыңайтқыштардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттар олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды.

64. Осы техникалық регламент күшіне енгенге дейін берілген немесе қабылданған сәйкестікті бағалау туралы құжаттар болған кезде техникалық регламенттің объектісі болып табылатын өнімді Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығаруға осындай құжаттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жол беріледі.

65. Осы техникалық регламент күшіне енгенге дейін берілген немесе қабылданған сәйкестікті бағалау туралы құжаттар кезеңінде айналымға шығарылған, техникалық регламенттің объектісі болып табылатын өнімнің айналымына өнімнің жарамдылық мерзімі ішінде жол беріледі.

15-тарау. Өзара байланысты стандарттардың тізбесі

66. Қолданылуы нәтижесінде ерікті негізде техникалық регламенттің талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін өзара байланысты стандарттардың тізбесі, сондай-ақ зерттеу (сынақ) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын, техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті стандарттар тізбесі сәйкесінше осы техникалық регламентке 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген.

"Тыңайтқыштардың
қауіпсіздігіне қойылатын
талаптар" техникалық

Техникалық регламент қолданылатын тыңайтқыштардың тізбесі және Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жіктеуіш бойынша олардың кодтары

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды	Позицияның атауы
1	2
3101 00 000 0	Жануардан немесе өсімдіктен алынған, аралас немесе аралас емес, химиялық өңделген немесе өңделмеген тыңайтқыштар; өсімдіктен немесе жануардан алынған тектес өнімдерді араластыру немесе химиялық өңдеу арқылы алынған тыңайтқыштар
3102	Минералдық немесе химиялық, азоттық тыңайтқыштар:
3102 10	- несепнәр, оның ішінде су ерітіндісінде:
310210 100 0	-кұрғақ сусыз өнімге шаққандағы масса бойынша құрамында 45 пайыздан астам азотты қамтитын несепнәр
3102 10 900 0	- өзге
	- аммоний сульфаты, аммоний сульфатының және аммоний нитратының қос тұздары және қоспалары:
3102 21 000 0	-- аммоний сульфаты
3102 29 000 0	-- өзгелері
3102 30	- аммоний нитраты, оның ішінде су ерітіндісінде:
3102 30 100 0	-- су ерітіндісінде
3102 30 900 0	-- өзге
3102 40	- аммоний нитратының кальций карбонатымен немесе тыңайтқыш болып табылмайтын өзге органикалық емес заттармен қоспалары:
3102 40 100 0	-- құрамында азот мөлшері массаның 28 пайызынан аспайтын
3102 40 900 0	-- құрамында азот мөлшері массаның 28 пайыздан астам
3102 50 000 0	- натрий нитраты:
3102 60 000 0	- кальций нитраты мен аммоний нитратының қос тұздары мен қоспалары
3102 80 000 0	- несепнәр мен аммоний нитратының су немесе аммиак ерітіндісіндегі қоспалары
3102 90 000 0	- өзгелері, алдыңғы қосалқы позицияларда атап көрсетілмеген қоспаларды қоса алғанда
3103	Минералды немесе химиялық, фосфорлық тыңайтқыштар:

	- суперфосфаттар:
3103 11 000 0	-- құрамында массасы 35 пайыз немесе одан жоғары пентаоксид дифосфоры (P ₂ O ₅) бар
3103 19 000 0	-- өзгелері
3103 90 000 0	- өзгелері
3104	Минералды немесе химиялық, калийлі тыңайтқыштар:
3104 20	- калий хлориді:
3104 20 100 0	-- құрамында K ₂ O-ға шаққанда массасы құрғақ сусыз өнімге шаққанда 40 пайыздан аспайтын калий бар
3104 20 500 0	-- құрамында K ₂ O-ға шаққанда массасы 40 пайыздан асатын, бірақ құрғақ сусыз өнімге шаққанда массасы 62 пайыздан аспайтын калий бар
3 104 20 900 0	-- құрамында K ₂ O-ға шаққанда бірақ құрғақ сусыз өнімге шаққанда массасы 62 пайыздан асатын калий бар
3104 30 000 0	- калий сульфаты
3104 90 000	- өзгелері:
3104 90 000 1	-- карналит
3104 90 000 9	-- өзгелері
3105	Екі немесе үш қоректі элементтен: азоттан, фосфордан және калийден тұратын минералды немесе химиялық тыңайтқыштар; өзге тыңайтқыштар; брутто салмағы 10 килограммнан аспайтын осы топтың таблеткадағы немесе ұқсас нысандағы немесе орамалардағы тауарлары:
3105 10 000 0	- брутто салмағы 10 килограммнан аспайтын осы топтың таблеткадағы немесе ұқсас нысандардағы немесе орамдардағы тауарлары
3105 20	- үш қоректік элемент: азот, фосфор және калий бар минералды немесе химиялық тыңайтқыштар
3105 20 100 0	-- құрғақ сусыз өнімге шаққанда массасы 10 пайыздан астам азот бар
3105 20 900 0	-- өзгелері
3105 30 000 0	- диаммоний сутекфосфаты (диаммоний фосфаты)
3105 40 000 0	- аммоний дисутекфосфаты (моноаммоний фосфаты) және оның диаммоний сутекфосфатымен қоспалары
	- екі қоректік элементтен: азот және фосфордан тұратын минералды немесе химиялық тыңайтқыштар:
3105 51 000 0	-- құрамында нитрат пен фосфаттар бар
3105 59 000 0	-- өзгелері
3105 60 000 0	- екі қоректік элемент: фосфор және калийден тұратын минералды немесе химиялық тыңайтқыштар

3105 90	- өзгелері:
3105 90 200 0	-- құрғақ сусыз өнімге шаққанда массасы 10 пайыздан астам азот бар
3105 90 800 0	-- өзгелері

"Тыңайтқыштардың
қауіпсіздігіне қойылатын
талаптар" техникалық
регламентіне
2-қосымша

Қолданылуы нәтижесінде ерікті негізде техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін стандарттар тізбесі

№	Техникалық регламенттің элементтері	Өзара байланысты стандарттың белгіленуі	Өзара байланысты стандарттың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5
1.	1 және 8-тараулар	МЕМСТ 12.1.004	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.	
2.		МЕМСТ 12.1.044	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Заттардың ж ә н е материалдардың өрт-жарылыс қауіптілігі. Көрсеткіштер номенклатурасы және оларды анықтау әдістері.	
3.	2-тарау	МЕМСТ 34103	Органикалық тыңайтқыштар. Терминдер және айқындамалар.	
4.	1 және 8-тараулар	МЕМСТ 12.1.010	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жарылыс қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.	
5.		ҚР СТ МЕМСТ Р 50611	К е ш е н д і органикалық-минералды тыңайтқыш. Техникалық шарттар.	
6.		ҚР СТ МЕМСТ Р 51520	Минералды тыңайтқыштар. Жалпы техникалық шарттар.	

7.		ҚР СТ ИСО 7851	Тыңайтқыштар және топырақты жақсартатын заттар. Сыныптама.	
8.		МЕМСТ 2	Аммиак селитрасы. Техникалық шарттар.	
9.		МЕМСТ 9	Техникалық сулы аммиак. Техникалық шарттар.	
10.		МЕМСТ 828	Техникалық азот қышқылды натрий. Техникалық шарттар.	
11.		МЕМСТ 4568	Хлорлы калий. Техникалық шарттар.	
12.		МЕМСТ 5716	Фосфоритті ұн. Техникалық шарттар.	
13.		МЕМСТ 5956	Қоспаларсыз және микроэлементтер қосылған апатитті концентраттан жасалған түйіршіктелген суперфосфат. Техникалық шарттар.	
14.		МЕМСТ 6221	Сусыз сұйытылған аммиак. Техникалық шарттар.	
15.		МЕМСТ 9097	Аммоний сульфаты. Техникалық шарттар.	
16.	2, 3 және 6-тараулар	МЕМСТ 11365	Нитрофоска. Техникалық шарттар.	
17.		МЕМСТ 14050	Әктасты (доломитті) ұн. Техникалық шарттар.	
18.		МЕМСТ 16306	Түйіршіктелген қосарлы суперфосфат. Техникалық шарттар.	

19.		МЕМСТ 18918	Аммофос. Техникалық шарттар.	
20.		МЕМСТ 19691	Нитроаммофоска. Техникалық шарттар.	
21.		МЕМСТ 2081	Карбамид. Техникалық шарттар.	
22.		ҚР СТ МЕМСТ Р 53042	Органикалық тыңайтқыштар. Терминдер мен айқындамалар.	
23.		ҚР СТ ISO 8157	Тыңайтқыштар және топырақ жақсартатын заттар. Сөздік.	
24.		ҚР СТ EN 12944-1	Тыңайтқыштар және әктасты материалдар. Сөздік . 1-бөлім. Жалпы терминдер.	
25.		МЕМСТ 20432	Тыңайтқыштар. Терминдер мен айқындамалар.	
26.		МЕМСТ 4.77	Өнімінің сапа көрсеткіштері жүйесі. Минералды тыңайтқыштар. Көрсеткіштер номенклатурасы.	
27.		ҚР СТ 2208	А у ы л шаруашылығына арналған фосфогипс . Техникалық шарттар.	
28.	2, 3-тараулар, 4-тараудың 9-тармағы , 6-тараудың 17-тармағы, 8-тараудың 24-тармағы, 12-тараудың 51-тармағы, 13-тараудың 59-тармағы	МЕМСТ 30333	Химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты. Жалпы талаптар.	
29.		МЕМСТ 26074	Сұйық көң. Өңдеуге , сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын	

	2, 3, 5, 6, 8, 10 және 12-тараулар		ветеринариялық-санитариялық талаптар.
30.		МЕМСТ 31461	Құс саңғырығы. Органикалық тыңайтқыштар өндіруге арналған шикізат. Техникалық шарттар.
31.		МЕМСТ 31340	Химиялық өнімнің ескерту таңбасы. Жалпы талаптар.
32.	2, 3 және 9-тараулар	МЕМСТ 14192	Жүктерді таңбалау.
33.		ҚР СТ ИСО 7409	Тыңайтқыштар. Таңбалау. Ұсыну және рәсімдеу.
34.	2, 3, 10 және 11-тараулар	МЕМСТ 23954	Минералды тыңайтқыштар. Қабылдау қағидалары.
35.	5 және 12-тараулар	МЕМСТ 12.3.037	Ауыл және орман шаруашылығында тыңайтқыштар қолдану. Жалпы қауіпсіздік талаптары.
36.	7-тарау	МЕМСТ 12.1.005	Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитариялық-гигиеналық талаптар.
37.		МЕМСТ 12.4.021	Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.
38.		ҚР СТ 2303	Қаратау фосфориттерінен алынған сульфоаммофос. Техникалық шарттар.
39.		ҚР СТ 2306	Қаратау фосфориттерінен алынған суперфосфат. Техникалық шарттар.
40.	3, 6 және 15-тараулар	ҚР СТ 3827	Аммофос плюс. Техникалық шарттар.
			Қаратау фосфориттерінен нитроаммофоска.

41.		ҚР СТ 3835	Техникалық шарттар.	
42.		ҚР СТ 3703	Фосфор-калий тыңайтқыштар. Техникалық шарттар.	

"Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентіне
3-қосымша

Зерттеу (сынақ) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын, техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттар тізбесі

р/с №	Техникалық регламенттің элементтері	Стандарттың белгіленуі	Стандарттың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5
1.		ҚР СТ ИСО 5310	Тыңайтқыштар. Калийдің құрамын анықтау. Титиметриялық әдіс.	
2.		ҚР СТ СТБ ИСО 8189	Қ а т т ы тыңайтқыштар. Ылғалдың құрамын анықтау. Төменгі қысымда кептірудің гравиметриялық әдісі.	
3.		ҚР СТ СТБ ИСО 8190	Қ а т т ы тыңайтқыштар. Ылғалдың құрамын анықтау. $(105 \pm 2)^\circ$ С температурада кептірудің гравиметриялық әдісі.	
4.		ҚР СТ 2030	Микроэлементтері бар тыңайтқыштар. Марганецтің құрамын анықтау әдістері.	
5.		ҚР СТ 2032	Микроэлементтері бар тыңайтқыштар. Молибденнің құрамын анықтау әдістері.	

6.	ҚР СТ 2033	Микроэлементтері бар тыңайтқыштар. Кобальттың құрамын анықтау әдістері.	
7.	ҚР СТ 2035	Микроэлементтері бар тыңайтқыштар. Бордың құрамын анықтау әдістері.	
8.	ҚР СТ ИСО 8358	Қ а т т ы тыңайтқыштар. Химиялық және физикалық талдауға арналған үлгілерді дайындау.	
9.	ҚР СТ ИСО 8397	Қ а т т ы тыңайтқыштар мен т о п ы р а қ баптауыштар. Електі талдау.	
10.	МЕМСТ 11623	Ауыл шаруашығына арналған шымтезек және оның өңделген өнімдері. Айырбас және белсенді қышқылдығын анықтау әдістері.	
11.	МЕМСТ 20851.2-75 (ИСО 5316, ИСО 6598, ИСО 7497)	Минералды тыңайтқыштар. Фосфаттарды анықтау әдістері.	
12.	МЕМСТ 20851.3	Минералды тыңайтқыштар. Калийдің массалық үлесін анықтау әдістері.	
13.	МЕМСТ 20851.4	Минералды тыңайтқыштар. Суды анықтау әдістері.	
14.	МЕМСТ 21560.0	Минералды тыңайтқыштар. Сынамаларды іріктеу және дайындау әдістері.	
15.	МЕМСТ 21560.1	Минералды тыңайтқыштар. Гранулометриялық құрамын анықтау әдісі.	

16.	МЕМСТ 21560.2	Минералды тыңайтқыштар. Түйіршіктің статистикалық беріктігін анықтау әдісі.	
17.	МЕМСТ 21560.3	Минералды тыңайтқыштар. Динамикалық беріктігін және желінуін анықтау әдісі.	
18.	МЕМСТ 21560.5	Минералды тыңайтқыштар. Үгітілгіштігін анықтау әдісі.	
19.	МЕМСТ 24024.1	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Електе қалған қалдықты анықтау әдісі.	
20.	МЕМСТ 24024.2	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Суда ерімейтін заттарды анықтау әдісі.	
21.	МЕМСТ 24024.3	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Пентанатрийфосфатты анықтау әдісі.	
22.	МЕМСТ 24024.4	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Ақтық дәрежесін анықтау әдісі.	
23.	МЕМСТ 24024.5	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. рН анықтау әдісі.	
24.	МЕМСТ 24024.6	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Хлоридтерді анықтау әдісі.	

25.	МЕМСТ 24024.8	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Жалпы P2O5 анықтау әдісі.	
26.	МЕМСТ 24024.9	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Монофосфаттарды анықтау әдісі.	
27.	МЕМСТ 24024.11	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Темірді анықтау әдісі.	
28.	МЕМСТ 24024.12	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Сульфаттарды анықтау әдістері.	
29.	МЕМСТ 30181.1	Минералды тыңайтқыштар. Күрделі тыңайтқыштарда (аммиакты айырылатын аммонийлі және амидті нысандарда) азоттың жиынтық массалық үлесін анықтау әдісі.	
30.	МЕМСТ 30181.2	Минералды тыңайтқыштар. Бір компоненті тыңайтқыштарда (аммиак айырылатын аммонийлі және амидті нысандарда) азоттың жиынтық массалық үлесін нысандарда) азоттың жиынтық массалық үлесін анықтау әдісі.	
		Минералды тыңайтқыштар. Нитратты	

31.	МЕМСТ 30181.3	нысандағы азоты б а р тыңайтқыштарда азоттың массалық үлесін анықтау әдісі .	
32.	МЕМСТ 30181.4	Минералды тыңайтқыштар. Күрделі тыңайтқыштар мен аммонийлі және нитратты нысандардағы селитрада бар азоттың жиынтық массалық үлесін анықтау әдісі (Девард әдісі).	
33.	МЕМСТ 30181.5	Минералды тыңайтқыштар. Күрделі тыңайтқыштардағы амидті азоттың жиынтық массалық үлесін анықтау әдісі (спектрофотокolorи метриялық әдіс).	
34.	МЕМСТ 30181.6	Минералды тыңайтқыштар. Аммоний тұздарындағы (аммонийлі нысанда формальдегидті әдіспен) азоттың жиынтық массалық үлесін анықтау әдісі	
35.	МЕМСТ 30181.7	Минералды тыңайтқыштар. Күрделі тыңайтқыштардағы азоттың жиынтық массалық үлесін анықтау әдісі (аммонийлі және амидті нысандарды гипохлоритті әдіспен).	
36.	МЕМСТ 30181.8	Минералды тыңайтқыштар. Күрделі тыңайтқыштардағы аммонийлі азоттың	

		жиынтық массалық үлесін анықтау әдісі (хлораминді әдіспен).	
37.	МЕМСТ 30182	Минералды тыңайтқыштар. Жалпы талаптар. Сынамаларды іріктеу.	
38.	МЕМСТ ИСО 5317	Тыңайтқыштар. Суда еритін калийдің құрамын анықтау. Талданатын ерітінді дайындау.	
39.	МЕМСТ 27749.0	Карбамид. Азотты анықтау әдістері.	
40.	МЕМСТ 27749.2	Карбамид. Бос аммиакты анықтау әдісі.	
41.	МЕМСТ 27749.3	Карбамид. Суда ерімейтін заттарды анықтау әдісі.	
42.	МЕМСТ 27979	Органикалық тыңайтқыштар. рН анықтау әдісі.	
43.	МЕМСТ 28326.1	Техникалық сұйық аммиак. Буланудан кейін қалдықты анықтау әдістері.	
44.	МЕМСТ 28326.2	Техникалық сұйық аммиак. Фишер әдісімен судың массалық үлесін анықтау.	
45.	МЕМСТ 28326.3	Техникалық сұйық аммиак. Инфрақызыл спектрометрия әдісімен майдың массалық концентрациясын анықтау.	
46.	МЕМСТ 28326.4	Техникалық сұйық аммиак. Майдың массалық концентрациясын анықтаудың спектрофотометриялық әдісі.	

47.		МЕМСТ 28326.5	Техникалық сұйық аммиак. Темірдің массалық концентрациясын анықтаудың фотоколориметриялық әдісі.	
48.		МЕМСТ 28326.6	Техникалық сұйық аммиак. Жалпы хлорды анықтаудың визуалды-нефелометриялық әдісі.	
49.		МЕМСТ 28326.7	Техникалық сұйық аммиак. Көміртегі тотығының (IY) массалық үлесін анықтаудың титриметриялық әдісі.	
50.		МЕМСТ 28512.1	Минералды тыңайтқыштар. Нығыздаумен үйінді тығыздығын анықтау әдістері.	
51.		МЕМСТ 28512.2	Минералды тыңайтқыштар. Нығыздалмаған массадағы үйінді тығыздығын анықтау әдістері.	
52.	2 және 3-тараулар	МЕМСТ 28512.3	Минералды тыңайтқыштар. Ұсақ түйірлі тыңайтқыштардың нығыздалмаған массадағы үйінді тығыздығын анықтау әдістері.	
53.		МЕМСТ 28990	Тыңайтқыштар. Натрий гидрототығымен өндеу кезінде аммиак бөлетін басқа заттардың қатысуымен аммонийлі азотты анықтаудың титриметриялық әдісі.	
			Техникалық несепнәр (карбамид). Шартты	

54.	МЕМСТ 29207	концентрациялы несепнәрдің рН ерітіндісін өлшеудің потенциометриялық әдісі.	
55.	МЕМСТ 29288	Азоты құрамы жоғары тыңайтқыштар. Аммоний нитраты. Майды ұстап қалу қабілетін анықтау әдісі.	
56.	МЕМСТ 29313	Минералды тыңайтқыштар. Айырудан кейін аммоний азотын (титриметриялық) анықтау әдісі.	
57.	МЕМСТ EN 15451	Тыңайтқыштар. Хелатталған агенттерді анықтау. Ионпарлік хроматографиямен темірді, хелатталған EDDHSA-ны анықтау.	
58.	МЕМСТ EN 15452	Тыңайтқыштар. Хелатталған агенттерді анықтау. HPLC реверсивтік фазасы арқылы темірді, хелатталған о,р-EDDHA-ны анықтау.	
59.	МЕМСТ EN 15475	Тыңайтқыштар. Аммонийлі азот құрамын анықтау.	
60.	МЕМСТ EN 15476	Тыңайтқыштар. Девард әдісімен нитратты және аммонийлі азотты анықтау.	
61.	МЕМСТ EN 15477	Тыңайтқыштар. Суда еритін калий құрамын анықтау	
62.	МЕМСТ EN 15478	Тыңайтқыштар. Карбамидтегі азоттың жалпы мөршерін анықтау.	
		Тыңайтқыштар. Ульш әдісімен	

63.	MEMCT EN 15558	нитратты және аммонийлі азотты анықтау.	
64.	MEMCT 26712	Органикалық тыңайтқыштар. Талдау әдістеріне қойылатын жалпы талаптар.	
65	MEMCT 8.613	Минералды тыңайтқыштар. Ылғалды анықтаудың экспресс әдістері.	
66	MEMCT EN 1236	Тыңайтқыштар. Тығыздаусыз үйінді тығыздығын анықтау әдісі.	
67	MEMCT EN 1237	Тыңайтқыштар. Үйінді тығыздығын анықтау әдісі (тығыздалғаннан кейін).	
68	MEMCT EN 1482-1	Тыңайтқыштар мен әк материалдары. Сынамаларды іріктеу және дайындау. 1-бөлім. Сынама алу.	
69	MEMCT EN 1482-2	Тыңайтқыштар мен әк материалдары. Сынамаларды іріктеу және дайындау. 2-бөлім. Сынамаларды дайындау.	
70	MEMCT EN 12048	Қ а т т ы тыңайтқыштар және кальцийлі материалдар. Ылғалдылықты анықтау. Гравиметриялық кептіру әдісі (105+/-2) С температурада.	
71	MEMCT EN 12049	Қ а т т ы тыңайтқыштар және кальцийлі материалдар. Ылғалдылықты анықтау.	

		Гравиметриялық қысыммен кептіру әдісі.	
72	MEMCT EN 13466-1	Тыңайтқыштар. Судың құрамын анықтау (Карл Фишер әдістері). 1-бөлім. Метанол экстракциялық зат ретінде.	
73	MEMCT EN 13466-2	Тыңайтқыштар. Судың құрамын анықтау (Карл Фишер әдістері). 2-бөлім. 2-пропанол экстракциялаушы зат ретінде.	
74	MEMCT EN 13535	Тыңайтқыштар мен әк материалдары. Жіктеу.	
75.	MEMCT EN 14397-1	Қ а т т ы тыңайтқыштар және ә к т а с т ы материалдар. Көмірқыш-қыл газы құрамын анықтау. 1-бөлік. Қатты тыңайтқыштарға арналған анықтау әдісі.	
76.	MEMCT EN 15559	Тыңайтқыштар. Арнд әдісіне сәйкес нитрат және аммонийлі азотты анықтау.	
77.	MEMCT EN 15560	Тыңайтқыштар. Нитратсыз кальций цианамидіндегі азоттың жалпы құрамын анықтау.	
78.	MEMCT EN 15561	Тыңайтқыштар. Нитраты бар кальций цианамидіндегі азоттың жалпы құрамын анықтау.	
79.	MEMCT EN 15562	Тыңайтқыштар. Азот цианамиді құрамын анықтау.	
		Тыңайтқыштар. Бір үлгіде азоттың	

80.	МЕМСТ EN 15604	өртүрлі нысандарын : нитратты, аммонийлі, цианамидті азот және карбамид азотын анықтау.
81.	МЕМСТ EN 15749	Тыңайтқыштар. Үш өртүрлі әдістерімен сульфат құрамын анықтау.
82.	МЕМСТ EN 15925	Тыңайтқыштар. Өртүрлі нысандарда болатын жалпы күкіртті экстракциялау.
83.	МЕМСТ EN 15926	Тыңайтқыштар. Өртүрлі нысандарда болатын суда еритін күкіртті экстракциялау.
84.	МЕМСТ EN 15928	Тыңайтқыштар. Ұсақтау жіңішкелігін анықтау (кұрғақ тәсіл).
85.	МЕМСТ EN 15956	Тыңайтқыштар. Минералды қышқылдарда еритін фосфорды экстракциялау.
86.	МЕМСТ EN 15957	Тыңайтқыштар. Аммоний цитратының бейтарап ертіндісінде еритін фосфорды экстракциялау.
87.	МЕМСТ 32467	Карбамид (несепнәр). Азот құрамын анықтау. Дистилляциядан кейінгі титриметриялық әдіс.
88.	МЕМСТ 32468	Карбамид (несепнәр). Темір құрамын анықтау. 2,2-бипиридил қолданылатын, фотометриялық әдіс.

89.	МЕМСТ 32469	Карбамид (несепнәр). Хазен бірліктерімен формальдегидті ерітіндінің түсін анықтау (платиналы-кобальт і шәкіл).	
90	МЕМСТ 32470	Карбамид (несепнәр). Сілтілігін анықтау . Титриметриялық әдіс.	
91.	МЕМСТ 32471	Карбамид (несепнәр). Буферлік сыйымдылығын анықтаудың потенциометриялық әдісі.	
92.	МЕМСТ 32472	Карбамид (несепнәр). Формальдегидтің қатысуымен рН өзгерісін анықтаудың потенциометриялық әдісі.	
93.	МЕМСТ 14870	Химиялық өнімдер. Суды анықтау әдістері.	
94.	МЕМСТ 10398	Реактивтер және аса таза заттар. Негізгі зат құрамын анықтаудың комплексометриялық әдісі.	
95.	МЕМСТ 29336	Техникалық аммоний сульфаты. Бос қышқыл құрамын анықтаудың титриметриялық әдісі.	
96.	МЕМСТ 29337	Техникалық аммоний сульфаты. Суда ермейтін зат құрамын анықтаудың гравиметриялық әдісі.	
97.	МЕМСТ 26713	Органикалық тыңайтқыштар.	

			Ылғал және құрғақ қалдықты анықтау әдісі.	
98.		МЕМСТ 26714	Органикалық тыңайтқыштар. Күлді анықтау әдісі.	
99.		МЕМСТ 26715	Органикалық тыңайтқыштар. Жалпы азотты анықтау әдістері.	
100.		МЕМСТ 26716	Органикалық тыңайтқыштар. Аммонийлі азотты анықтау әдістері.	
101.		МЕМСТ 26717	Органикалық тыңайтқыштар. Жалпы фосфорды анықтау әдісі.	
102.		МЕМСТ 26718	Органикалық тыңайтқыштар. Жалпы калийді анықтау әдісі	
103.		МЕМСТ 27980	Органикалық тыңайтқыштар. Органикалық затты анықтау әдістері.	
104.		МЕМСТ 30181.9 (ИСО 5315)	Минералды тыңайтқыштар. Күрделі тыңайтқыштардағы жалпы азоттың массалық үлесін анықтау әдісі (хроммен нитратты азотты қалпына келтірілетін және органикалық азот минералданатын дистилляциялық әдіс).	
105.	2, 3-тараулар, 5-тараудың 11-тармағы	МЕМСТ EN 15479	Тыңайтқыштар. Карбамидтегі биуретті спектрометриялық анықтау.	
106		МЕМСТ 32555	Карбамид (несепнәр). Биурет құрамын анықтаудың фотометриялық әдісі.	

107.		ҚР СТ 2031	Микроэлементтері бар тыңайтқыштар. Мыстың құрамын анықтау әдістері.	
108.		ҚР СТ 2034	Микроэлементтері бар тыңайтқыштар. Мырыштың құрамын анықтау әдістері.	
109.	2, 3-тараулар, 6-тараудың 11-тармағының 1) тармақшасы және 12-тараудың 53-тармағы	ҚР СТ 2344	Топырақтар. Грунттар. Сынамаларды пиролитикалық ажырата отырып, атомдық-абсорбциялық әдіспен сынап құрамын анықтау.	
110.		МЕМСТ 24024.7	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Қорғасынды анықтау әдісі.	
111.		МЕМСТ 24024.10	Фосфор және форсфордың бейорганикалық қосындылары. Күшәланы анықтау әдісі.	
112.		МЕМСТ EN 14888	Тыңайтқыштар және әктасты материалдар. Кадмий құрамын анықтау.	
113.	2, 3-тараулар, 5-тараудың 12-тармағы, 6-тараудың 15-тармағының 1) тармақшасы және 16-тармағының 2) тармақшасы	МЕМСТ 30108	Материалдар және құрылыс бұйымдары. Табиғи радионуклидтердің үлесті тиімді белсенділігін анықтау.	